

Ғалым-филолог Дәкен Шалабековтың 75 жылдығына

Жерлесіміз, ғалым-филолог Дәкен Шалабекулының есімі Қарағандының жұмысшы ақындарының шығармаларын насихаттап, ғылыми айналысқа шығаруы арқылы жақсы мәлім. Кезінде ұлы Мұханның шәкірті болған ғалымның ғылыми мұралары әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай жатыр. Жақында оның туған жері Нұра ауданы Захар ауылындағы бір көшеге есімі беріліп, ол соғыс жылдары директоры болған Қантай ауылының мектебіне аты берілуі және шығармаларының жана жинағы шығуына байланысты Нұра өңірінде салтанатты рәсімдер болып өтті, туыстары аруағына ас берді. Біз бүгін сол салтанатқа арнайы келген қарт жазушы Жаппар Өмірбектің Дәкен туралы естелігін жариялап отырмыз.

Ер есімі — еңбектен, бұл кім еді дегенді. Ол отыз жеті жасында дүние салған, ғылымда өзіне жарқын жол ашқан, кісілігі мол нағыз азамат еді.

Дәкен Шалабеков ел арасынан шыққан талантты қыр баласы, қын-

шын... сахнадан жараланып-қиналып, өкінішті өліп жатқан жас жауынгерлерді көріп отырған қамөңгіл аналар дауыс айтып жыласын, ерөң тоқтатық... Спектакль абыройлы болды. Комиссар жайнап кетті, абыройы асты, драматург болып шыға келдім. Комиссардың

шала байланбаса, шырқап ақ кететін жөңің бар...

Өзімді мақтап, өрі жанашырлық білдіреді. Өмірбаянымды жақсы біледі. 1945 жылы «Ұлтшылдық партия құрды» деген сылтаумен он бір ай түрмеде отырғызып, партиялық билетімді бермей қойғандарын да жақсы біледі. Сонда да ол менен аулақтамады. Сол үшін де разымын. Шамам келсе, көмектесер едім, өзімді сол жылдары аспирантурадан сылтауын тауып шығарып жіберген. Әйтеуір «Әдебиет және искусство» журналында бөлім басқарып жүріп жатырмын... Мен оның диссертациялық жұмысының тақырыбын ұнаттым. Өзімше ақыл айттым. Бұл кезде Қарағандыдағы біздің өкелдеріміз бірге жұмыс істегендердің көбісі дүние салған. Әзір тірі жүргендердің аты-

Жаппар ӨМІРБЕК

ЖІГЕРЛІ ҒАЛЫМ, АЛҒЫР АЗАМАТ ЕДІ

дыққа қыр боп барарлық қасиеті бар жігерлі жастардың бірі болатын. Талапты жас от жүректі келеді, бірақ болашағы қандай өрі кім болатынын өзі де біле бермейді. Кісілікке талпынса, «Талаптыға нұр жауар» деген үмітпен алға басады...

Дәкен Шалабековпен мен Қарағандының Оқушылар институтында 1940 жылы бірге оқығаннан бастап танысып бірістім. Кейін белгілі ақын, ғалым болған Бүркіт Ысқақовпен, ақын Махмет Теміровпен бір ауылдан, Захар селосынан екен. Мен Қарағандының Жамбыл атындағы үлгілі орта мектебінде оқығанмын, бұл қалаға Қарқаралы жерінен он жасымда келгенмін, 1932 жылғы қырығн аштықты көзбен көріп, кеншілер арасында өстім.

Соғыс басталысымен ер балаларды әскерге алып кетіп, 1941 жылдың күзінде, бірін-саран денсаулығы жөнінен өтпей қалғандар мен қыздар ғана қалды. Дәкен сырттай оқитын бөлімге ауысты. Біз тіл-әдебиет факультетінде бас-ақ адам қалдық.

Дәкенмен енді мен 1944 жылы шілде айында Алматыда ұшырастым. Ол институтты бітіргенше ауылда мектеп директоры болған, бітірісімен Алматыға көп, Қазақ мемлекеттік университетіне филфақа оқуға түсіпті. Журфақтан мені көріп, қуанысып қалдық. Соғыс жылы ғой, жағдай ауыр, Дәкен елден біраз сары май өкелген екен соны бір апта талқажаяу еттік, 400 грамм кара нан, ертемен және кешке ыстық судан басқа түк жоқ, менің де азығым таусылған.

—Менде, — деді Дәкен, — Нұра ауданының өскери комиссары сыйлаған алтын сағат бар, соны сатамын, өйтпесе, екеуіміз де аштықтан өлі елге қайту керек. Бар сенімен осында Өмірбай Тәжжанов деген ағайыным бар, өзі тарихшы, үй ішін өзгер асырап отыр...

—Комиссар саған алтын сағатты не үшін сыйлап жүр?

—Қызығын айтайын... ол өзі майданнан жараланып қайтқан капитан, айтуына қарағанда, ерлік көрсеткен, екі Қызыл Жұлдыз ордені бар. Өңімесі қызық... жырдай ғып айтады. Соғыс жағдайын, майданды біз білмейміз, ол біледі. Мен жаман турмаймын, үйге шақырып, ерлігіне қанықтым. Өзі сондай зерек, бәрін қолмен қойғандай ғып айтады. Ол кетісімен, алғи майдан жырынан пьеса жазып шықтым, үш-төрт күн жазып, бірнеше күн өңдедім де, аударна барып тура капитанның өзіне оқып шықтым. Қайран қалды:

—Ей, сен өзің жазушысың ғой, айна қатесіз жазыпсың. Бұл біздің қолдан келмейді. Мұны қалай жарыққа шығарасыз?

—Сахнаға шығарамын, ересек балалар бар, сені сүйретіп ағып шыққан сестраның релін жас мұғалімге беріп, ойнатамын, — дедім.

—Ойнат, ойнат, көрелік...

Сонымен, қысқы каникулде пьесаны дайындадық, өзім режиссер болдым... Ауыл клубына, армия күні—23 ақпанда колхозшыларды жинадық, ауданнан райком өкілдері, алғи комиссар әйелімен келді. Әуелі өзіне майдан жайынан өңіме айтқыздым да артынан спектакль көрсеттік, саған өтірік, маған —

разы болғаны сондай, мынау алтын сағатты сыйлады маған. Осыны ерте са-тамын...

—Жоқ, сен оны сатпа, — дедім мен, — жазуы бар ма?

—Жазуы жоқ, сатпасақ болмайды, мына курсты бітіріп, елге жету керек... Өлі мұнда кемінде 20 күн боламыз...

Ертеңіне лекциядан шықсам, Дәкен мені күтіп тұр. «Жұр, мына Нұкол базарынан алдымен қымаз ішейік...» Портфельіне бір белке ақ нан бар, 120 сомға алыпты. Портфельіне нұсқап: мынаның іші толған ақша, 50000 сом! — деп қойды. Ауылдан әкел сатып тұрған қымыздан бір литрден іштік, қадімдей басымызды айналдырды. Несін айтасын, тіршілігіміз жақсарып кетті.

Мен журфақтың, Дәкен филфақтың 3 курсың бітірдік.

Енді Дәкенім Ғабит Мүсіреповті іздей бастады. Мамандар үйіндегі тұрағын біліп алыпты. Ағайыныкінен телефон соғып, бардық Құсни жеңгейді бірінші көрдім, жүзі нұрлы сүйкімді әйел, сәнді халат киген. Сәлемдескеннен соң, Ғабең қасын көріп отырып: «Қайдан жүрген жігіттеріңдер?», — деп сұрады. Дәкен Қарағандыдан университетке оқуға келгенімізді айтты.

—Е-е, — деді Ғабең, — мынау соғыс жүріп жатқанда, оқу іздеп келіпсіңдер, ол бір жақсы нышан болғай... Маған не шаруаман...

Дәкен бес минутте бәрін айтып шықты, алдымен менің ақын екенімді, содан соң «Қан майданда» деген пьесасының тарихын баяндап шықты. Жанымай, жылдам-жылдам жүйелі сөйледі.

Ғабең ақ жібек көйлегінің алдыңғы түймесін ағытты да түсіндіре бастады.

—Сен ол пьесанды машинаға бастыр да, бірінші данасын Искусство Комитетіне, Сағынтай Ахметовке, за-казной хатпен жібер... ол өз адамдарына оқытады, жарамады деп талса, Қарағанды театрына нұсқау — реко-мандация береді. Сонда ғана ол пьеса-Нұкол сахнаға шығады...

Ғабеңнің сөзі қысқа өрі түсінікті. Осыдан кейін Дәкеннің сол пьесасы туралы еш мағлұмат жоқ.

1947 жылы, университетті тәмамдауға келгенде ғана, қазіргі Төлебаев пен Төле би көшелерінің бұрышындағы тұрағыма өзі іздеп тауып келді. Мұхтар Әуезовтің Орта Азия Әдебиеті туралы лекциясын тыңдай алмай қалыпты. Біз толық тыңдағанбыз. Екі дәптер конспектімді бердім. Келесі келгенде: «Апырай, Жәке, конспектіңізде біріміз паркте отырып дауыс-тап оқып алдық та, емтиханнан көп қысылмай өте шықтық», — деп разы болды.

Дәкен марқұмының бір ерекшелігі— алға қойған мақсатына жеткенше ты-ным таппайтын. Соншалық жігерлі, тын-дырымды екенін, тіл мен әдебиет ин-ститутына аспирантураға келіп түскен соң, ғылыми жұмысқа кіріскенінде де байқадым.

— Менің, — дейді ол бір күні үйге келіп отырып, — диссертацияның тақы-рыбы бекіді, жұмысшылар ауыз әдебиетімен айналысатын болдым. Жетекшім— профессор Нина Серге-евна Смирнова. Ал сен нендей ақыл-кеңес бересің? Шахтерлер арасында өстің, өңек шахтер болған, өңің де со-лардың өмірінен өлең жазып жүрсің, өттен өнебір шатақ-ұлтшылдық деген

жөңдерін жаздым. Олар Бекбосын Сиқымбаев, Ысқақ Ермағанбетов, Рақышев Ералыұлы Қорабай, Кен-жебайұлы Жүніс, Илья Парфенов (қазақшаға судай)... Ал Қарағанды кеншілерінің өмірін жақсы жырлап жүрген Доскей Әлімбаев (өзім об-ком бекіткен хатшысы болып едім), Илия Манкин, Қайып Айнабеков, Кешен Елеуов, «Лавадағы өмір» по-эмасының авторы Ғабдиман Иген-сартов, тағы басқаларының шығар-маларын оқып зерттеп, өрі көзі тірілерімен ауызба-ауыз сөйлесеу керек екен, әрқайсысың жиназдал, білгенімше айтып бердім. Бұл жұмыс оңай емес екенін Дәкеннің өзі де біледі екен.

Дәкен диссертациясының тақы-рыбына байланысты Қарағандыда бірнеше рет іс сапарында болды. Әр сапарынан оралған сапын жинаған материалдарын (көбінесе өлең-дерін) маған өкел көрсетеді, керекті дегендерін екеуіміз талдап-талғап қалдырдық. Екі жылда көп өлең жинады. Дәкен біразын жариялап та үлгерді. Ғалымдар арасында күнделілік бола береді. Қараған-ды жұмысшыларының осындай өлеңдері бар дегенге күмәндану-шылар да шыға келді. Бола берсін. Адам жүрген жерде өлең, жырсыз болмайтын кемеңгер Абай өлде-қашан айтып қойған. Дәкенге үлкен сүйеу сол Абайдың өлеңі болды. Оның үстіне Дәкен жариялап жарық көрген өлеңдерге дәлелді бағашат— рецензия жазып бердім.

Дәкен Шалабеков 1955 жылы академияның мүше-корреспонденті профессор Н. С. Смирнованың және академик М. С. Сильченконың ғылы-ми жетекшілігімен «Қарағанды ақын жұмысшыларының жырлары» деген тақырыпта диссертация қорғады.

Қарындасы Сәкшіш, оның жұбайы Әуен Жәңішев Алматыға оралғаннан кейін, ағайындарымыз, достығымыз жарасып араласып болдық, әлі де соламын. Дәкен ғылыми атағының дипломын алған-да бірге қуаныстық. Дәкеннің бұл еңбегі тарихи мәні, өзіндік жаңалығы бар, әдебиеттану ғылымына қосқан өзіндік үлес еді.

Дәкен енді тұрғын үй мәселесімен айналыса бастады, құрылыс материалдарын жинап жүрді. Дәкен бұл игі бастамасын іске асыра алмай, 1958 жылы дүние салды. «Иманды болсын, артының жақсылығы болсын» дегеннен басқа Алланың ісіне шарамыз бар ма?..

Артының жақсылығы болды. Жалғыз қызы Гүлмира екі жасында қалып еді, оқып білім алып, бұл күндері Лондонда Би-Би-Си компа-ниясында абыройлы іс атқарып жүр, оны жетілдіруде анасы Үміттің еңбегі зор.

Дәкен Шалабековтің ғылыми еңбегін, ұстаздық еңбегін бағалау жақында жерлерістері мәселе көтеріп, өзі ұйымдастырып Соғыс жылғында директоры болған Плахов-ка орта мектебін оның есімімен атау, сөйтіп мәңгі есте қалдыру туралы тиісті орындарға игі тілек білдіріп еді. Міне енді сол игі тілектерін 1998 жылы Республика Үкіметі қанағаттан-дырды, — деп естідік.

Ортақ қуанышымыз құтты бол-сын!

АЛМАТЫ.